

**А.Уалиев,**  
Алматы қаласы Әкімінің аппараты,  
Тәртіптік кеңес Комиссиясы  
төрағасының орынбасары.  
Алматы/Қазақстан

## **СЫБАЙЛАС ЖЕМҚОРЛЫҚҚА ҚАРСЫ КҮРЕС – ЗАҢНАМА ӨЗГЕРІСТЕРІНЕ ШОЛУ**

Елімізде қоғамда белең алып отырған сыбайлас жемқорлық пен парақорлыққа қарсы пәрменді күрес шаралары үздіксіз жүргізіліп келеді. Сыбайлас жемқорлық індетімен күрестің мемлекет пен қоғам мүддесі үшін маңызы зор. Өйткені мемлекеттің табысты дамуы мен гүлденуге қол жеткізуі жемқорлық меңдеген қоғамда жүзеге асуы екіталай екені жасырын емес.

Қазіргі қоғам мемлекет алдына жаңа міндеттер қоюымен бірге жаңа мәселелер де туғызып отыр. Міне, сондықтан да оған лайықты жауап бере алатын тиісті заңнаманың құқықтық тетіктерін жетілдіре түсу қажет. Күн сайын өзгеріп отырған дәуірде заңнамалық актілер де уақыт өткен сайын қайта қарап, жаңартып отыруды талап етеді.

Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы» заңы 1998 жылы 2 шілдеде қабылданған болатын (№ 267-1) [1]. Қылмыстық кодексте де жемқорлық деп танылатын қылмыстардың тізбесі анықталды. Осындай шаралар арқылы жемқорлық пен пара алушылық қылмыстары үшін жауапкершілік қатаң күшейтілді.

Елімізде жемқорлыққа қарсы күрес шараларын қадағалаумен айналысатын арнайы органдар жұмыс істейді, олар: Президент жанындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес мәселелері жөніндегі Комиссия, Экономикалық және жемқорлық қылмыстарымен күрес жөніндегі агенттік және сондай-ақ аймақтық деңгейде қызмет жасайтын Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі Агенттік жанындағы облыстық тәртіптік кеңестер.

Осы заң қабылданған уақыттан бері бірнеше рет тиісті өзгертулер енгізілді, бұл өзгертулер сыбайлас жемқорлықпен күрес шараларын күшейту тұрғысындағы заңнаманы одан әрі жетілдіру мақсатын көздейді. Он екі жыл бұрын қабылданған заң, әрине, қайта қарауды талап етеді. Әсіресе, мемлекеттік қызметкерлерге байланысты баптары, сондай-ақ салық және кеден ісі жөніндегі тұстарын өзгерту, жетілдіру қажеттігі айқындалды. Сондай-ақ бұл арада шағын және орта бизнестің мүддесін қорғауға, бюрократиялық кедергілер мен шектен тыс тексерулерді азайтуға Президенттің өзі үлкен назар аударып отырғанын айта кету қажет және енгізілген өзгерістер осы саланың тірлігіне тың серпін берері сөзсіз. Жетілдірілген бұл заңнама жемқорлық көріністері басым сипат алған мемлекеттің маңызды салаларын, атап айтқанда экономика, мемлекеттік басқару, құқық саласының жұмысын өзара үйлестіруге мүмкіндік беруі тиіс.

ҚР-да сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті пәрменді ету және Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңнамаға сәйкестендіру мақсатында бірқатар заң актілеріне де тиісінше өзгертулер енгізілді, олар: 2007 жылғы 15 мамырдағы ҚР-ның Еңбек кодексі, Мемлекеттік қызмет туралы 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңы, Қылмыстық-процессуалдық кодекс, Қылмыстық кодекс, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс және т.б.

Қазақстан Республикасы Президентінің Жарлығымен 2005 жылы 23 желтоқсанда қабылданған (№ 1686) Сыбайлас жемқорлықпен күрестің 2006-2010 жылдарға арналған Мемлекеттік бағдарламасы да ең алдымен қоғамның барлық саласындағы жемқорлық деңгейін төмендетуге бағдарланған. Бұл бағдарлама екі кезең бойынша іске асырылды: 1-кезең – 2006-2008 жылдар, 2-кезең – 2009-2010 жж. Екінші кезеңде үкіметтік емес ұйымдардың, саяси партиялардың және қоғамдық бірлестіктердің жемқорлыққа қарсы саясатты жүргізуге белсенді қатысуы, жемқорлықпен күресте халықаралық ынтымақтастықты кеңейту, экономиканы одан әрі нығайту үшін қажетті жағдай жасау шаралары көзделді.

Осылайша сыбайлас жемқорлықпен және паракорлықпен күрес кешенді, жүйелі сипат алды. Алға қойылған міндеттерді жүзеге асыру және жемқорлық қылмыстарының алдын алу, анықтау және жолын кесу мақсатында тиісті нормативтік-құқықтық базаны жетілдіруге ерекше назар аударылды. Осы тұрғыда Мемлекеттік қызмет туралы Заңға, Қылмыстық-процессуалдық кодекске, Қылмыстық кодекске, Әкімшілік құқық бұзушылықтар туралы кодекс және өзге нормативтік-құқықтық актілерге тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізу және заңнамалар арасындағы қайшылықтарды жою мәселесі қарастырылған болатын. Сонымен бірге Қазақстан Республикасының осы саладағы заңнамаларының халықаралық құқықтық актілерге сәйкес келуін қамтамасыз етуге де ерекше мән берілді. Осы негізде 1998 жылғы 2 шілдедегі ҚР-ның Сыбайлас жемқорлықпен күрес туралы заңы қабылданғаннан бергі уақытта бірнеше рет тиісті өзгертулер енгізілді (23.07.99 ж., № 454-І; 28.04.2000 ж., № 46-ІІ; 08.06.01 ж., № 206-ІІ; 12.07.01 ж., № 240-ІІ; 09.08.02 ж., № 346-ІІ).

Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының Заңына (2009 жылғы желтоқсанның 7-сі, № 222- IV) сәйкес «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» 1998 жылғы 2 шілдедегі ҚР-ның Заңына тиісті өзгертулер мен толықтырулар енгізілді [2]. Осы жолы енгізілген өзгерістер бойынша атап айтқанда:

3-баптың 3-тармағының 4) тармақшасы: “мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес пайыз болатын ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын адамдар теңестіріледі” деген мазмұндағы мәтіннен “4) мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес пайыз болатын ұйымдарда, сондай-ақ жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі (кемінде 35 пайыз) ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық даму институттарына, ұлттық компанияларға берілген ұйымдарда, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарында басқару функцияларын атқаратын адамдар теңестіріледі” деген редакцияда өзгертілді. Яғни, бұл өзгеріс барлық деңгейдегі мемлекеттік басқару органдарындағы лауазымды адамдардың жауапкершілігін одан әрі күшейтуді көздейді.

Ал сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрестің негізгі принциптерін белгілейтін 5-баптағы 7)тармақша “сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылыққа қарсы күреске жәрдем жасайтын азаматтардың жеке басының қауіпсіздігін қамтамасыз ету” деген сөздерден кейін “және оларды көтермелеу” деген мазмұндағы тағы бір принциппен толықтырылды. Мұнда сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске азаматтарды жұмылдырып қана қоймай, оларды осы күреске ынталандыру шаралары көзделген.

Осы баптың 11) тармақшасы мынадай редакцияда өзгерді:

“11) кәсіпкерлік қызметті атқару заңмен белгіленген қызметтік міндеттерімен көзделген жағдайларды қоспағанда, осы заңның 3-бабының 1,2 және 3-тармақтарында аталған адамдар үшін кәсіпкерлік қызметпен айналысуға, соның ішінде шаруашылық жүргізуші субъектілердің басқару органдарында ақы төленетін қызметтер атқаруға тыйым салуды белгілеу;

12) қоғамдық бақылауды қамтамасыз ету және қоғамда сыбайлас жемқорлық көріністеріне төзбеушілік жағдайын қалыптастыру негізінде жүзеге асырылады.” деген мазмұндағы 12) тармақша қосылды.

Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті жүзеге асырушы органдар туралы айтылатын 6-баптағы 1-тармаққа енгізілген өзгертулер бойынша енді ол:

“1. Барлық мемлекеттік органдар мен лауазымды адамдар өз құзыреті шегінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жүргізуге міндетті. Мемлекеттік органдардың басшылары мен жауапты хатшылары немесе Қазақстан Республикасының Президенті айқындайтын өзге де лауазымды адамдары, ұйымдардың, оның ішінде мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдардың, талаптарын орындауды және бұл үшін кадр, бақылау, заң қызметтері мен басқа да қызметтерді тарта отырып, онда көзделген тәртіптік шараларды қолдануды, сондай-ақ өздеріне белгілі болған барлық сыбайлас жемқорлық жағдайларын тіркеуді және олар туралы осы баптың 2-

тармағында аталған органдарға хабарлауды қамтамасыз етеді” деп, лауазымды адамдардың жауапкершілігін күшейтуге ерекше мән беру мақсатында өзгертілді.

Ал осы баптың 3-тармағы мынадай мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылды:

“Мемлекеттік органдардың лауазымды адамдары сыбайлас жемқорлық сипатындағы құқық бұзушылықтар туралы мәліметтері бар материалдарды бұқаралық ақпарат құралдарында жариялау жөнінде заңда көзделген шараларды қолдануға міндетті.”. Бұл жемқорлыққа қарсы күрес жан-жақты, үздіксіз, ашық әрі әділетті түрде жүргізілуі тиіс деген сөз.

6-бап бұған дейін де бірнеше рет тиісті заңнамалармен өзгертілген болатын (2001.07.12. № 240; 2002.08.09. № 346; 2003.09.25. № 484 Заңдарымен).

Заңның “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күреске жәрдемдесетін адамдарға тиіспеушілік кепілдіктері” атты 7-бабы мынадай мазмұндағы 2-1 тармақпен толықтырылды:

“2-1. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылық фактісі туралы хабарлаған немесе сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресте өзге де жолмен жәрдемдескен адам Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тәртіппен көтермеленеді.”. Мұндай шаралар жалпы қоғам мүшелерінің жемқорлық құбылыстарына жағымсыз көзқарасын қалыптастыру мақсатынан туған өзгерту деуге негіз бар және де сыбайлас жемқорлықпен күрес жүргізетін органдар осы тектес құқық бұзушылықтар жайлы хабарлаған куәлерді қорғау және ынталандыру шараларын қолға алатын болады.

Осы 7-баптың көрінеу жалған ақпарат хабарлаған адамдар жөніндегі 4-тармағындағы “осы заңға” деген сөздер “Қазақстан Республикасының заңдарына” деген сөздермен ауыстырылып, ондай адамдардың жауапкершілігі арттырылды.

9-бап (Қаржы бақылау шаралары туралы) жаңадан қосылған 5-1 тармақпен толықтырылды, онда былай делінген:

“5-1. Осы баптың 5-тармағында көрсетілген, қасақана жасалған, сондай-ақ бірнеше рет жасалған әрекеттер заңда белгіленген тәртіпте қолданылатын әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.”. Ал 6-тармақ мына редакцияда жазылды:

“6. Адамдар мемлекеттік немесе оған теңестірілген міндеттерді атқарудан босатылғаннан кейін үш жылдың ішінде алғаш рет жасалған, осы баптың 5-тармағында аталған әрекеттер, сондай-ақ мұндай іс-әрекеттерді қайталап жасау заңда белгіленген әкімшілік жауаптылыққа әкеп соғады.”. Мұнда айыппұл төлеу түріндегі жаза түрлері алып тасталды.

Заңның 10-бабында мемлекеттік міндеттерді атқарумен сыйыспайтын қызметтер жайлы сөз болады. Жаңа өзгертулер мен толықтырулар бойынша осы баптың 2-тармағындағы “шаруашылық жүргізуші субъектіні” деген сөздер “коммерциялық ұйымды” деген сөздермен ауыстырылып, тыйым салынатын қызмет түрлері нақтылана түсті.

Сондай-ақ, “Сыбайлас жемқорлыққа жағдай туғызатын құқық бұзушылықтар және олар үшін жауапкершілік” атты 12-баптың 1-тармағына да өзгертулер мен толықтырулар енгізілді, атап айтқанда, 3) тармақша бұған дейін “мемлекеттік және оған теңестірілген қызметке кірген және онда жоғарылатылған кезде заңда көзделмеген артықшылықтар беру (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық)” деген мазмұнда болса, енді жаңа Заң бойынша ол мына редакцияда жазылды:

“3) мемлекеттік ұйымдарға және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес пайыз болатын ұйымдарға, сондай-ақ жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі (кемінде 35 пайыз) ұлттық басқарушы холдингтерге, ұлттық холдингтерге, ұлттық даму институттарына, ұлттық компанияларға берілген ұйымдарға, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарына мемлекеттік қызметке кіретін және қызметін жоғарылататын кезде заңда көзделмеген артықшылықтар беру (тамыр-таныстық, отбасылық жақындық).” . Яғни, жауапкершілік жүгі мемлекеттік қызметтің барлық деңгейін қамтитын болды.

Ал осы баптың 9) тармақшасындағы “мемлекеттік қаржы ресурстары мен материалдық ресурстарды жекелеген кандидаттардың немесе қоғамдық бірлестіктердің сайлау қорына беру деген мәтіндегі “немесе қоғамдық бірлестіктің” деген сөздер алып тасталды.

Осы тұрғыда заңнамалар арасындағы қайшылықтарды жою мәселесіне байланысты Қазақстан Республикасында қолданылатын осы саладағы заңнамалардың өзара сәйкес келуіне де үлкен мән берілді, мысалы, “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” Заңдағы 12-баптың 2-тармағында және 13-баптың 3-тармағында аталған құқық бұзушылықтар үшін атқаратын қызметінен төмендету көзделген, ал “Мемлекеттік қызмет туралы” 1999 жылғы 23 шілдедегі Қазақстан Республикасының Заңында, яғни 28-баптың 1-тармағында көзделген жаза тізімінде қызметінен төмендету жайлы сөз жоқ. Сол себепті жаңа өзгертулер мен толықтырулар бойынша “Мемлекеттік қызмет туралы” ҚР Заңындағы 28-баптың 1-тармағы мынадай мазмұндағы “4-1) қызметінен төмендету” деген тармақшамен толықтырылды.

Аталмыш Заң Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 484 Заңы бойынша осы саладағы құқық бұзушылықтарды жасағаны үшін тәртіптік жаза қолдану мерзімдері жөнінде айтылатын 13-1 баппен толықтырылған болатын. Енді осы жолғы өзгертулер мен толықтыруларға сәйкес 13-1 баптың 2-тармағы былайша өзгертілді:

“2. Қылмыстық іс қозғаудан бас тартқан не қылмыстық істі тоқтатқан жағдайда, бірақ осы баптың 1-тармағында көрсетілген адамдардың әрекеттерінде сыбайлас жемқорлық әкімшілік құқық бұзушылық немесе тәртіптік теріс қылық белгілері болған кезде жаза осы баптың 1-тармағында көзделген мерзімде қолданылуы мүмкін.”, яғни, жаза теріс қылық жасалған күннен бастап бір жылдан кешіктірмей қолданылуы тиіс.

Осылайша, ҚР-ның Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы Заңына Қазақстан парламенті сенатының депутаттары енгізген түзетулер бойынша сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі заңнама үшінші тұлғаның пайдасы үшін пара алу жөнінде қылмыстық жауапкершілікті көздейтін шаралармен толықтырылды. Сонымен бірге шенеуніктердің жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауапкершілігі күшейтілді.

Заңнаманы одан әрі жетілдіре түсу мақсатында аталған заңнамаға 2010 жылы да өзгерістер енгізілді. Яғни, осы жолы Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы Қазақстан Республикасының 2010 жылғы желтоқсанның 29-ында Қазақстан Республикасының Президенті Н. Назарбаев қол қойған Заңы бойынша “Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы” 1998 жылғы 2 шілдедегі ҚР-ның Заңына тиісінше жеті өзгерту мен толықтыру енгізілді [3]. Олар:

1) Аталған заңнаманың 5-бабы мына мазмұндағы 5-1) тармақшамен толықтырылды, яғни мұнда:

“5-1) мемлекеттік қызметшілерді әлеуметтік және құқықтық қорғауды мемлекеттің қамтамасыз етуі;” деген тағы бір негізгі принцип енгізілді.

2) Бұған дейін “Мемлекеттік міндеттерді атқаруға үміткер адамдарға қойылатын арнайы талап” деп аталатын 8-баптың тақырыбы жаңадан былайша жазылатын болды:

“8-бап. Мемлекеттік функцияларды орындауға үміткер адамдарға және мемлекеттік ұйымдарда, мемлекеттің қатысу үлесі бар ұйымдарда басқару функцияларын орындауға үміткер адамдарға қойылатын арнайы талап”;

Осы баптың 1-тармағындағы “Мемлекеттік міндеттерді атқаруға” деген сөзден кейінгі “не осындай міндеттерді атқаруға уәкілдік берілген органдар мен ұйымдарда мемлекеттік лауазым атқаруға” деген сөздер

“, мемлекеттік лауазымдарға орналасуға не мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес пайызды құрайтын ұйымдарда, сондай-ақ жарғылық капиталындағы мемлекеттің үлесі (кемінде 35 пайызы) ұлттық басқарушы берілген ұйымдарда, сондай-ақ олардың еншілес ұйымдарына, ұлттық компанияларға орындауға ” деген сөздермен ауыстырылды. Және де осы бап мынадай 3-тармақпен толықтырылды:

“3. Сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау тәуекелі жоғары мемлекеттік лауазымға орналасуға үміткер адамдар сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталу

нысанасына арнайы тексерудің өздеріне қатысты қолданылу мүмкіндігі туралы өздеріне міндеттеме алады.

Мұндай лауазымдардың тізбесін, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнаманың сақталу нысанасына арнайы тексеруді жүзеге асыру тетігін Қазақстан Республикасының Үкіметі айқындайды.”;

3) 10-баптың 1-тармағындағы “2) және 4) тармақшаларында” деген сөздер “2) тармақшасында” деген сөздермен ауыстырылды. Яғни, бұдан былай мемлекеттік ұйымдарда және жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес пайыз болатын ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын адамдарға да мемлекеттік міндеттерді атқарумен сыйыспайтын қызметтермен айналысуға тыйым салынатын болды.

4) Жақын туыстардың бірге қызмет істеуіне жол бермеу жөніндегі 11-баптың 1-тармағындағы “(осы заңның 3-бабы 3-тармағының 4) тармақшасында аталған адамдарды қоспағанда)” деген сөздер алып тасталды. Демек, мемлекеттік міндеттерді атқаруға уәкілеттік берілген лауазымды адамдар қатарына жарғылық капиталында мемлекеттің үлесі кемінде отыз бес пайыз болатын ұйымдарда басқару міндеттерін атқаратын адамдар да қосылып, олар өздерінің жақын туыстары немесе ері (зайыбы) атқаратын қызметтерге тікелей бағынысты лауазымдарды атқаруына тыйым салынды.

5) Осы саладағы құқық бұзушылықтар мен олар үшін жауапкершілікті қозғайтын 12 баптың 2-тармағында мынадай өзгертулер бар:

бірінші бөлігіндегі:

“1-тармағында” деген сөздер “1-тармағының 1), 6), 7), 8), 10), 11), 12), 14) тармақшаларында” деген сөздермен ауыстырылды;

“қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не заңда белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға ” деген сөздер “ал төмен тұрған бос лауазым болмаған жағдайда – заңда белгіленген тәртіппен қызметіне толық сәйкес еместігі туралы ескерту түрінде тәртіптік жаза қолдануға” деген сөздермен ауыстырылды. Яғни, мұнда аталған лауазымды адамдар осы 12-баптың 1-тармағының жоғарыда келтірілген тармақшаларындағы құқық бұзушылық болып есептелетін жағдайлар үшін қызметінен төмендетілуі, қызметінен босатылуы немесе заңда белгілеген тәртіппен өзге де тәртіптік жазаларға ұшырауы мүмкін. Осылайша, тәртіптік жазалар мен олардың қолданылу реті қайта қаралып, нақтылана түсті.

Сондай-ақ осы 12 баптың 2-тармағы мына мазмұндағы үшінші бөлікпен толықтырылып, нақтыланды:

“Мемлекеттік функцияларды орындауға уәкілетті адамдардың немесе оларға теңестірілген адамдардың осы баптың 1-тармағының 2), 3), 4), 5), 9), 13), 13-1) тармақшаларында аталған қандай да бір құқық бұзушылықтарды жасауы, егер онда қылмыстық жазаланатын әрекет белгілері болмаса, заңда белгіленген тәртіппен қызметінен босатуға немесе мемлекеттік функцияларды орындауын тоқтатуға әкеп соғады.”. Осы өзгерту бойынша қоғамда орып алып отырған лауазымды адамдардың қызметтік өкілеттігін шектен тыс пайдалануы, тамыр-таныстық, отбасылық жақындыққа артықшылық беруі, мемлекет қаржысын басқа бағытта пайдалануы сияқты құқық бұзушылықтары қатаң жазаланатын болады.

6) 13-баптың 3-тармағында:

Бірінші бөліктегі “қызметін төмендетуге, қызметінен босатуға немесе мемлекеттік міндеттерді атқарудан өзге де түрде босатуға не заңда белгіленген тәртіппен өзге де тәртіптік жаза қолдануға ” деген сөздер “қызметінен босатуға немесе мемлекеттік функцияларды орындауын тоқтатуға” деген сөздермен ауыстырылып, жауапкершілік жүгі қаталдана түсті. Бұдан былай құқық бұзушылыққа жол берген шенеунік мемлекеттік қызметке ешқашан қабылданбайтын болады.

Ал екінші бөлік, яғни алғашқы құқық бұзушылықтан кейінгі қайталап жасалған құқық бұзушылық пен оған қолданылатын жаза туралы бөлігі алып тасталды.

Аталған заңнаманың 14, 15 және 16-баптары Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 25 қыркүйектегі № 484 Заңымен алып тасталған болатын.

Ең соңғы өзгерту бойынша:

7) “Сыбайлас жемқорлықпен құқық бұзушылық нәтижесінде жасалған мәмілелерді жарамсыз деп тану және актілер мен іс-әрекеттердің күшін жою” деп аталатын 19-баптағы тиісті уәкілеттік берілген адамдар мен лауазымды адамдардың талап етуі бойынша тақырыпта аталған актілер мен іс-әрекеттердің күшін “жоюы мүмкін” деген сөздер “жояды” деген сөзбен ауыстырылды.

Осылайша, соңғы уақытта заңнамаға енгізілген өзгертулер мен толықтыруларға шолу жасай келе, жалпы сыбайлас жемқорлықпен күрес тек үкіметтің, парламенттің немесе құқық саласының міндеті ғана емес, ол экономикалық және әлеуметтік-қоғамдық мәселе екендігін баса айту қажет. Өйткені, бұл құбылыс қоғамның барлық деңгейін қамтиды және салдары жағынан аса қауіпті. Сондықтан да жоғарыда аталған және тиісті заңнамалық құжаттарда көрсетілген түзетулер мен толықтырулардың басты мақсаты сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті күшейте отырып, одан нақты нәтиже шығаруға, осыған қатысты өзге тиісті заңнамалардағы қайшылықтарды жойып, өзара сәйкестендіруге бағытталған. Және бұл өзгерістер осы сала қызметін жаңа сапаға көтеруі тиіс.

Қазақстан Республикасының Президенті Н.Ә. Назарбаев «Болашақтың іргесін бірге қалаймыз» атты биылғы жылғы 29 қаңтарда жарияланған Қазақстан халқына Жолдауында ел тәуелсіздігінің жиырма жылын қорытындылай келе, сыбайлас жемқорлықпен күрестің ымырасыздықпен жүріп жатқанына баса назар аударды. Сондай-ақ Елбасы «қазіргі таңда халықаралық сарапшылардың бағасы бойынша Қазақстанның сыбайлас жемқорлыққа қарсы заңнамасы ең тиімділердің бірі деп танылғанын» жеткізді [4]. Демек, осы саладағы күрес жетілдірілген заңнама аясында одан әрі жалғасын таба беретін болады. Ең бастысы, заң орындалғанда ғана пәрменді. Сонда ғана еліміздің алдына қойған міндеттері жүзеге асып, Қазақстан гүлденіп, дамыған елдер қатарынан берік орын алатынына сенім мол.

#### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТ:

1. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы. Қазақстан Республикасының Заңы. – Алматы: Юрист, 2003. – 16 б.
2. ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне сыбайлас жемқорлыққа қарсы күресті одан әрі күшейту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. – 2009. – 15 желтоқсан.
3. ҚР-ның кейбір заңнамалық актілеріне мемлекеттік қызмет және сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы. Қазақстан Республикасының Заңы // Егемен Қазақстан. – 2011. - 11 қаңтар.
4. Назарбаев Н.Ә. Болашақтың іргесін бірге қалаймыз. Қазақстан Республикасы Президентінің Қазақстан халқына Жолдауы // Егемен Қазақстан. – 2011. – 29 қаңтар.

#### Резюме

В статье рассматриваются последние изменения и дополнения в Закон РК о коррупции, который был принят в 1998 году. В новом Законе о внесении изменений и дополнений предусматриваются повышение эффективности антикоррупционной борьбы и устранение противоречий в нормативно-правовых актах республики.

#### Summary

The last amendments to the Law of the Republic of Kazakhstan concerning the corruption which was admitted in 1998 were considered in article. Some of amendments are directed to increase the effectiveness of the anti-corruption struggle and to avoid the problems in legal acts of the Republic.